

Summary

The article presents a retrospective analysis and evaluation of Shymkent city atmospheric air. The level of air pollution, according to historical data Shymkent very high, belongs to the 4 categories of quality, API = 18.6, respectively.

Key words: ecology, air pollution index, free air, environment

ӘОЖ 616.8:613.1(574.54)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛАЙСЫЗ АРАЛ ӨңІРІНДЕГІ ЫРҒЫЗ КЕНТІ МЕН ШАЛҚАР ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

А.Р. Тусупбаева, Р.А. Серикова

ҚР ДС және ӘДМ «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы»
РМҚК, Қарағанды қ.

Арал өңіріндегі Ақтөбе облысының Ырғыз кенті мен Шалқар қаласы тұрғындарының психикалық денсаулығы жағдайын Қарағанды облысы Атасу ауылы тұрғындарының денсаулығымен салыстырмалы түрде бағалау.

Түйінді сөздер: экологиялық фактор, психикалық денсаулық, күйзеліс, скрининг-зерттеулер

Өзектілігі. Экологиялық қолайсыз аймақтарда тұратын адамдардың психикасының жағдайын зерттеу өзектілігі, көп жағдайда, әр мемлекеттің дамуындағы қауіпсіздіктің негізі мен кепілі болатын басты ресурсты құрайтын, жаһандық экологиялық әлеуметтік дағдарыс жағдайындағы адамдардың физикалық және психикалық мүмкіндерін сақтау қажеттілігімен анықталады. Табиғи ауа-райы жағдайы мен шаруашылық қызметі саласымен байланысты экологиялық қолайсыздық аймағындағы табиғи ортаның адам психикасына ұзақ әсер етуінің зардабы арнайы талдауды қажет етеді [1].

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жоғары назармен қатар, қазіргі заманғы қоғамдағы алаңдаушылық жалпы, психикалық денсаулық мамандары жағынан туып отыр. Қоршаған орта факторларының патогенді әсерінің көбеюі арқылы адамдардың психикалық денсаулығына әсерінің артқаны, аймақтарда қолайсыздықтардың артуы пайда болған деректер арқылы көрінеді [2].

Қазақстанның экологиялық қолайсыз өлкелерінде жүйке жүйесі ауруларының көп таралуы және оның салдарының ауырлығы (өлім, мүгедектік), алдымен, мәселенің ақуалдылығын айғақтайды, айтар болсақ, Арал өңірі аймағында [3].

Белгілі болғандай, әлеуметтік ортаны психикалық қабылдау арқылы адамдардың денсаулығына материалдық өмір жағдайына байланысты әлеуметтік орта әсер етеді. Экологиялық факторлардың жағымсыз әсері орталық жүйке - жүйелерінің бұзылуының көбеюімен айқындалады (психиканың бұзылуы, интеллектінің төмендеуі) [4].

Қазақстан аумағындағы қолайсыз экологиялық зардапты аймақтарының бірі - Арал өңіріндегі Ақтөбе облысының Ырғыз кенті мен Шалқар қаласы.

Зерттеу мақсаты. Арал өңіріндегі Ақтөбе облысының тұрғындарының психикалық денсаулығы жағдайын Қарағанды облысы Атасу кенті тұрғындарының денсаулығымен салыстырмалы түрде бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ырғыз кентінде 558 адам (40,8%) (оның ішінде 229 – ер, 329 - әйел), ал Шалқар қаласында 791 адам (57,4%) (оның ішінде 384 – ер, 407 – әйел), Атасу кентінде 781 адам (28,6%) (оның ішінде 364 – ер, 417 – әйел) медициналық тексерістен өтті.

Халықтың психологиялық денсаулығын скрининг-зерттеу хаттамасында бірнеше бөлім: зерттелетін адамның аты-жөні; туған жылы; шағымдары және оның сипаттамасы; ашуланшақтық; қорқыныш сезімі; эмоциялық тұрақсыздық; мезгіл қылатын күйлер; торығу; елестеулер; сандырақ; өзіне өзі қол жұмсау; ауру анамнезі; өмір анамнезі; дене жарақаты; ішімдік ішуі; салынып ішу күйлері; нашакорлық; токсикомания; психикалық зорығу; ойлау қабілеті; сыртқы түрі; зейіні; ойын жинақтау қабілеті; жүріс тұрысы және психикалық қызметі; сөйлеу мәнері; әңгімеге және дәрігерге қатынасы; сұрақтарға жауабы; эмоционалды сфера; эмоционалды реакциялардың адекваттылығы; өзіне өзі қол жұмсау ойы; ойлауы; пікірі; есте сақтауы; интеллектуалды сферасы; өз жағдайына сын көзқарас; психологиялық тестілеудің нәтижелері сипатталды.

Зерттеу нәтижелері. Тұрғындардың психикалық денсаулығын клиникалық зерттеу әдістері жүргізіле отырып, халықтың психологиялық денсаулығын скрининг-зерттеу хаттамасының толтырылуының, амбулаторлық карта деректерінің, сауалнама-тесттердің нәтижелерін талдау негізінде диагноз анықталды. Ырғыз кентінде тексерілген адамдардың 520-сы (93,1%) - сау, 38-і (6,9%) - науқас, Шалқар қаласында 679-ы (85,5%) - сау, 112-і (14,5%) - науқас, Атасу кентінде 699-ы (89,1%) - сау, 82-сі (10,9%) - науқас екендігі анықталды. Психиатрдың тағайындауымен адамның көңіл-күйінің қобалжуындағы реактивті және жалпы үрейінің деңгейін Спилберг-Ханина, күйзеліс жағдайларын Занга шкалаларымен анықтау арқылы, ақыл-ой коэффициентін өлшеу үшін Айзенка тесті сауалнамалары жүргізілді.

Спилберг-Ханина шкаласы медициналық тексеруден өткен адамдардың барлығына жүргізілсе, Занга шкаласы Ырғыз кентінде тексерілген 409 адамға (148 ер, 261 әйел), Шалқар қаласында 364 адамға (146 ер, 218 әйел), Атасу кентінде 408 адамға (133 ер, 275 әйел) жүргізілді.

Айзенка тесті сауалнамасы Ырғыз кентінде ақыл-ойы кем 5 адамға (3 ер, 2 әйел), Шалқар қаласында 6 адамға (1 ер, 5 әйел), Атасу кентінде бір ғана жағдайда байқалды.

Психологиялық зерттеу жиынтығының нәтижелерін талдай отырып, психиатрдың қарауымен «Ауыр күйзеліске реакция және бейімделудің бұзылуы» диагнозы бойынша Ырғыз кентінде 20 адам (52,6%) (2 ер, 18 әйел), Шалқар қаласында 60 адам (53,6%) (18 ер, 42 әйел), Атасу кентінде 22 адам (27%) (3 ер, 18 әйел) науқас екендігі анықталды. Атасу кентінің тұрғындарының денсаулығы жағдайының көрсеткішімен салыстырғанда, «Ауыр күйзеліске реакция және бейімделудің бұзылуы» диагнозы бойынша Ырғыз ауылында науқастардың көрсеткіші бір деңгейде болды, ал Шалқар қаласындағы науқастардың көрсеткіші 2,7 есе жоғары екендігі айқындалды.

«Ми зақымы мен дисфункциясы немесе соматикалық ауру салдарынан болатын басқа психикалық бұзылулар» диагнозымен науқас Ырғыз кентінде 10 адам (26,3%) (6 - ер, 4 - әйел), Шалқар қаласында 42 адам (37,5%) (18 - ер, 24 - әйел), Атасу кентінде 18 адам (22%) (9 - ер, 9 - әйел) анықталды. Айтар болсақ, Атасу кентінің тұрғындарының денсаулығы жағдайының көрсеткішімен салыстырғанда, «Ми зақымы мен дисфункциясы немесе соматикалық ауру салдарынан болатын басқа психикалық бұзылулар» диагнозы бойынша Ырғыз кентінде науқастардың көрсеткіші 1,8 есе төмен, ал Шалқар қаласындағы науқастардың көрсеткіші 2,3 есе жоғары екендігі айқындалды.

«Күйзеліс жағдайлары» диагнозы бойынша Ырғыз ауылында 3 адам (7,9%) (1 - ер, 2 - әйел), Шалқар қаласында 4 адам (2,1%) (2 - ер, 2 - әйел), Атасу ауылында бір ғана жағдай анықталды. Атасу кентінің тұрғындарының денсаулығы жағдайының көрсеткішімен салыстырғанда, «Күйзеліс жағдайлары» диагнозы бойынша Ырғыз кенті мен Шалқар қаласындағы науқастардың көрсеткіші 2-3 есе көбірек екендігі анықталды.

«Ақыл-ой кемтарлығымен» ауыратын Ырғыз ауылында 5 адам (13,2%) (3 - ер, 2 - әйел), Шалқар қаласында 6 адам (5,4%) (5 - ер, 1 - әйел), Атасу ауылында бір ер адам (1,2%) науқас екендігі анықталды.

Спилберг шкаласы бойынша психологиялық тестілеу нәтижесі арқылы Ырғыз кенті, Шалқар қаласы және Атасу кентіндегі ер адамдар арасында жалпы үрей көрсеткішінің әйел адамдармен салыстырғанда төмен екендігі байқалды. Бұл, көп жағдайда әйел адамдардың ер адамдармен салыстырғанда психо-эмоционалды күйінің тұрақсыздығын айғақтайды. Жалпы үрей көрсеткішінің жоғары деңгейі астено-невротикалық синдром, ал жалпы үрей көрсеткішінің орташа деңгейі астено-ипохондриалық, астено-вегетативті синдромдар арқылы көрінді.

Занга шкаласы бойынша психологиялық тестілеу нәтижесі арқылы Ырғыз кентінде қобалжулы-торығу бұзылыстарының орташа деңгейі 10 адамнан (26,3%) байқалса, Шалқар қаласында 42 адамнан (37,5%), Атасу кентінде 19 адамнан (22%) көрініс тапты. Мұндай психикалық бұзылыстар психоорганикалық синдром және торығу күйлерімен өтетінін ескерсек, бұл науқастарда ашуланшақтық, беймазалық, жабығу және қорқыныш сезімінің жоғары деңгейлері анықталды.

Қорытынды. Кешенді психологиялық зерттеу жиынтығының нәтижелерін талдай отырып, қорытындылай келе айтарымыз, біріншіден, «Ауыр күйзеліске реакция және бейімделудің бұзылуы» және «Ми зақымы мен дисфункциясы немесе соматикалық ауру салдарынан болатын басқа психикалық бұзылулар» диагнозы бойынша Ырғыз кенті мен Шалқар қаласында Атасу кентінің тұрғындарының денсаулығы жағдайының көрсеткішімен салыстырғанда науқастардың көп екендігі анықталды.

Сондай-ақ, «Ақыл-ой кемтарлығымен» ауыратын Ырғыз кентінде 5 (13,2%), Шалқар қаласында 6 адам (5,4%) науқас екендігі, және де «Күйзеліс жағдайлары» диагнозы бойынша екі аймақта да бірді-екілі жағдайлардың кездескендігі анықталды.

Әдебиеттер

1. Бойко Ю.П., Аппенянский А.И., Трегуб В.Л. и др. Первичное выявление врачами-терапевтами пограничных психических расстройств органического (включая симптоматические) происхождения, особенности психотерапевтической тактики и направление на специализированное лечение в г. Москве (N38): Методические рекомендации. - М., 2000. – 27 с.
2. Терешкевич Д.П. Медико-социальные и эпидемиологические аспекты здоровья населения в зоне экологического бедствия Приаралья: Автореф ... канд. мед. наук: 14.00.07. – Астана, 2011. – 31 с.
3. Анаеди О. Аральское море. Проблемы и пути их решения // Экология и устойчивое развитие. - 2002. - №7. - С.13-19.
4. Касымжанова Б.С. Исследование влияния техногенного загрязнения на гидрогеологические условия Восточного Казахстана (экологическое состояние, охрана, мониторинг) / Отчет НТП. - Алматы, 2005. - №5. – С.46.

Резюме

Дана сравнительная оценка состояния психического здоровья жителей поселка Атасу Карагандинской области и г. Шалкар, п. Иргиз Актыубинской области.

Ключевые слова: экологический фактор, психическое здоровье, депрессия, скрининг-исследования

Summary

A comparative assessment of a condition of mental health of residents of Atasu, Karaganda is given to the area and the item Irgiz of the Aktyubinsk region, Shalkar Priaralya.

Key words: ecological factor, mental health, depression, screening research